



Қарағанды облысы Абай ауданы Көксу ауылдық округі Көксу ауылы шекарасын белгілеу туралы

Қарағанды облысы Абай ауданының әкімдігінің 2023 жылғы 3 қарашадағы № 53/02 бірлескен қаулысы және Қарағанды облысы Абай аудандық мәслихатының 2023 жылғы 3 қарашадағы № 11/104 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 6 қарашада № 6515-09 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының Жер кодексіне, Қазақстан Республикасының " Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңдарына сәйкес, Абай ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ және Абай аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Осы бірлескен қаулы және шешімнің қосымшасына сәйкес жалпы алаңы 2799,1431 гектар Қарағанды облысы Абай ауданы Көксу ауылдық округі Көксу ауылының шекарасы белгіленсін.

2. Осы бірлескен қаулысы мен шешімінің орындалуын бақылау жетекшілік ететін Абай ауданы әкімінің орынбасарына жүктелсін.

3. Осы бірлескен қаулы мен шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Абай ауданының әкімдігі

Абай аудандық мәслихатының төрағасы


С. Оспанов

Д. Сакенов

Абай ауданының
әкімдігінің
2023 жылғы 3
қарашадағы
№ 53/02 мен
Абай аудандық
мәслихатының
2023 жылғы 3
қарашадағы
№ 11/104

бірлескен қаулысы мен
шешіміне қосымша

Қарағанды облысы Абай ауданы Көксу ауылдық округінің Көксу ауылының аудан шекарасы



Шартты белгілер:

- елді мекенің шекарасы
- | бұрылыс нүктесінің нөмірі
- | заттай белгіленген шекаралық белгі
- 6950 сызықтың метрлік өлшемі